

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 16 сәуірдегі № 2/18 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 27 сәуірде № 4501 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 19 сәуірдегі 2024 жылғы № 12/76 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 19.04.2024 № 12/76 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, сонымен қатар "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысы әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 2 қыркүйегіндегі № 05-10-1399 және 2020 жылғы 17 қыркүйегіндегі № 05-10-1517 ақпараттық хаттарының негізінде Ақтау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Ақтау қалалық мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. "Ақтау қалалық мәслихатының аппарат басшысы" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Д.Телегенова) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер және заңдылық пен құқық тәртібі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Б. Жүсіпов) жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Ақтау қалалық мәслихатының хатшысы*

*Ғ. Әбдісадық*

*С. Зәкенов*

Ақтау қалалық мәслихатының

2021 жылғы 16 сәуірдегі

№ 2/18 шешіміне 1 қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтау қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 31.03.2022 № 12/100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ақтау қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының " Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы", "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы", "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" және "Ардагерлер туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 04.10.2022 № 18/147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне

қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша қала әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – "Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі ұлттық статистика бюросының Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірдегі қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Ақтау қаласы әкімінің шешімімен құрылған комиссия;

9) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Осы Қағидаларда қолданылатын басқа да ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мазмұнында қолданылады.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Ақтау қаласы әкімдігі мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі - әлеуметтік көмек алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде, сондай-ақ мереке күндеріне ақшалай және заттай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

4. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының

2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

**Ескерту. 4 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 04.10.2022 № 18/147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

5. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын) көрсетіледі.

**2-тарау. Әлеуметтік көмек көрсетудің, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

6. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек бір рет ақшалай төлем түрінде келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) Наурыз мейрамы - 21-23 наурыз:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналарға, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) Қазақстан халқының бірлігі мерекесі - 1 мамыр:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) Жеңіс күні – 9 мамыр:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдарға, 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі - Чернобыль АЭС) апаттың салдарын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға, 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының (бұдан әрі- бұрынғы КСР Одағы) ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға және 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға, 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналарына және екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне; екінші рет некеге тұрмаған зайыбына (жұбайына), 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, "Ардагерлер туралы" Заңның 4 – 6-баптарында аталған адамдардың отбасыларына; Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың объектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмыскерлерінің отбасыларына; бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына; Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына; Чернобыль АЭС-сындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына; Чернобыль АЭС-сындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар

адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен солардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына, 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығу, жұмыста мертігу және басқа да себептер (құқыққа қайшы келетіндерді қоспағанда) салдарынан мүгедектігі бар адам деп танылған, Ұлы Отан соғысының қайтыс болған қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмаған жұбайына (зайыбына), 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күні – 4 маусым:

жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) Астана күні - 6 шілде:

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

6) Қазақстан Республикасының Конституция күні – 30 тамыз:

Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен тұлғаларға, 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушаларға (балдарына) 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Қарттар күні – 1 қазан:

70 жастан асқан зейнеткерлерге, 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

барлық топтағы мүгедектігі бар адамдарға, жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, жетіден он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар балаларға, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) Тәуелсіздік күні - 16-желтоқсан:

"Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен ақталған, Қазақстандағы 1986

жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқан тұлғаларға, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 6 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 04.10.2022 № 18/147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. Әлеуметтік көмек өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаж азаматтардың келесі жекелеген санаттарына көрсетіледі:

1) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларына), көрсетілген оқиғалар туындаған күннен бастап үш айдан кешіктірмей, өтініші бойынша, бір рет, табысы есебінсіз, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

2) өтініш берген тоқсан алдындағы Маңғыстау облысы бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің еселік шамасы бір жарымнан төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар келесі негіздемелер бойынша өмірде қиын жағдайға тап болған тұлғаларға (отбасыларға): жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы, кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуы, оның ішінде девиантты мінез-құлық, кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында болуы, туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалардың ерте психофизикалық даму мүмкіндіктерінің шектелуі, дене бітімі және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы, әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі, жасының егде тартуына байланысты, бұрынғы ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы, әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау, баспанасыздық (белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар), бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болу, өтініші бойынша, тұрмыстық қажеттіліктерге, бір рет, 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

3) уәкілетті ұйымнан әлеуметтік төлемдер алмайтын, әлеуметтік мәні бар аурулар болуы, атап айтқанда: туберкулез, қатерлі ісіктер және адамның иммунитет тапшылығы вирусы (бұдан әрі-ИТВ) тудыратын ауруы бар тұлғаларға, өтініші бойынша, бір рет, табысы есебінсіз, 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде;

4) адамның ИТВ тудыратын ауруы бар балалардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, өтініші бойынша, табысы есебінсіз, ай сайын, Қазақстан Республикасы бойынша 2 (екі) ең төменгі күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

5) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын, "бакалавр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнын

төлеуге, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін, атап айтқанда: жетім балаларға, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйінде, балалар ауылында тәрбиеленушілерге, ата-анасының екеуі де жасы бойынша зейнеткер немесе біреуі мүгедектігі бар адам болып табылатын балаларға, төрт және төрттен жоғары бірге тұратын кәмелет жасқа толмаған балалары бар көп балалы отбасыдан шыққан балаларға, оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орнында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын кәмелет жасқа толғаннан кейін оқу орнын аяқтаған уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) балаларға өтініш берген уақыттың алдыңғы 12 айға, Маңғыстау облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейінен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар студенттерге және осы шешім қабылданғанға дейін өтініш берген, Маңғыстау облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейінің 3 еселенген шамасынан төмен өтініш берген уақыттың алдыңғы 12 айға жан басына шаққандағы орташа табысы бар студенттерге;"

6) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын, "бакалавр" дәрежесін бере отырып, жоғары оқу орнын төлеуге, өтініш берген уақыттың алдыңғы 12 айға, Маңғыстау облысы бойынша төменгі күнкөріс деңгейінің еселік шамасы үштен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы және мүгедектігі бар студенттерге;

7) "Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің келісімі бойынша жасақталған Арнайы шарт негізінде, табысы есебінсіз, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын ("Стоматология" мамандығынан басқа) интернатура студенттеріне, резидентура тыңдаушыларына;

Студенттерге әлеуметтік көмек оқу орындары көрсететін білім беру қызметі мөлшерінде бір жолғы төлемнен, сонымен қатар 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тамақтануға және тұруға кететін шығындарды ішінара өтейтін ай сайынғы әлеуметтік көмектен тұрады.

8) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға, олардың жесірлеріне, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына, тылда еңбек еткен және әскери қызмет өткерген азаматтарға Қазақстан Республикасының санаторийлерінде (профилакторийлерінде) санаториялық-курорттық емделуге, өтініші бойынша, кірісі есебінсіз, біржолғы, өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша емдеу-алдын алу мекемесінің ұсынымдарына сәйкес, жолдаманың нақты құны мөлшерінде, тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімді қалыптастыру



кезінде белгіленген мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қызметтер порталы арқылы іске асыру кезінде мемлекеттік бюджет қаражатынан берілетін жолдаманың құнын өтеу ретінде, бірақ кепілдік берілген сомадан артық емес, санаторий-курорттық картадан үзінді көшірме ұсынумен;

9) абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасында санаторийлік-курорттық емдеу шарасы бар бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды (жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда) ертіп жүретін адамдарға санаторийлік-курорттық ұйымда болу құнын өтеуге біржолғы, кірісі есебінсіз, Үлгілік қағидаларының 13-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде;

10) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге және тұрғын үйді күтіп ұстауға, табысы есебінсіз, ай сайын, нақты шығын мөлшерінде.

**Ескерту. 7 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 04.10.2022 № 18/147 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

8. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару негіздері Үлгілік қағидаларға сәйкес айқындалады.

9. Мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей Уәкілетті ұйым не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Ақтау қаласы әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

10. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру 451.007.015. " Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламалары бойынша Ақтау қаласының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік көмек ақшалай нысанда екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиясы бар ұйымдар арқылы алушылардың шотына аудару арқылы көрсетіледі.

### **3-тарау. Қорытынды ережелер**

12. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды Уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

## **Ақтау қалалық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Ақтау қаласы мәслихатының 2014 жылғы 24 қарашада № 25/244 "Қалалық мәслихаттың 2014 жылғы 6 маусымдағы № 21/198 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесін, оны көрсету еселігін бекіту, сондай-ақ әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2565 болып тіркелген, 2015 жылы 13 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2. Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3190 болып тіркелген, 2016 жылы 6 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Ақтау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 3 қазандағы № 10/117 "Қалалық мәслихаттың 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және Ақтау қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3447 болып тіркелген, 2017 жылы 3 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

4. Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 7 ақпандағы № 13/146 "Қалалық мәслихаттың 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және Ақтау қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3539 болып тіркелген, 2018 жылы 20 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. Ақтау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 20/218 "Қалалық мәслихаттың 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3739 болып тіркелген, 2018 жылы 25 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6. Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 13 наурыздағы № 24/258 "Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3847 болып тіркелген, 2019 жылы 28 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

7. Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 13 мамырдағы № 26/274 "Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 13 наурыздағы № 24/258 "Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3897 болып тіркелген, 2019 жылы 27 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

8. Ақтау қалалық мәслихатының 2019 жылғы 28 қазандағы № 28/293 "Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4015 болып тіркелген, 2019 жылы 13 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

9. Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 30/347 "Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4190 болып тіркелген, 2020 жылы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

10. Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 32/374 " Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 30/347 "Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында

тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4248 болып тіркелген, 2020 жылы 30 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

11. Ақтау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 19 маусымдағы № 32/375 " Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 "Ақтау қаласында тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4249 болып тіркелген, 2020 жылы 7 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).